

2012 жылға халықтың нысаналы топтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы N 28/02 қаулысы. Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 6 ақпанда N 8-14-162 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 12 ақпандағы N 05/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 12.02.2013 N 05/01 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылғы халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың келесі с а н а т т а р ы белгіленсін:
 - 1) та бы сы аз а дам дар ;
 - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
 - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
 - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп б а л а л ы ата - а н а л а р ;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп т а н ы л ғ а н адамдар бар азаматтар ;
 - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке ш ы ғ у ғ а е к і ж ы л қ а л ғ а н) ;
 - 7) м ү г е д е к т е р ;
 - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
 - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р ;
 - 10) о р а л м а н д а р ;
 - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын б і т і р у ш і л е р ;
 - 12) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының

қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады;

13) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін азаматтар (бір жылдан аса).

2. Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Гүлнар Тақуқызы Жүпеннова) халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмысқа орналастыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Зара Ахметжанқызы Даутоваға жүктелсін.

4. Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 13 мамырдағы "2011 жылға халықтың нысаналы топтарын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-14-147 тіркелді, 2011 жылдың 26 маусымында N 26 аудандық "Нұра" газетінде жарияланған) N 10/12 қаулысының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Бексұлтанов